

1 2005  
5940к



Шәкен  
Құмісбайұлы

# АЙДЫН КӨЛДІҢ, АҚҚУЛАРЫ



Шәкен Құмісбайұлы

# АЙДЫН ҚӨЛДІҢ АҚҚҰЛАРЫ

(хикаялтар, әңгімелер,  
ертегілер, пьесалар)



**Б**апалар  
ДЕБИЕТ

Астана · 2004

821.512.122-3

ББК 84 Қаз 7

К 93

### Күмісбайұлы Ш.

**К 93 Айдын көлдің аққулары:** Хиқаяттар, әңгімелер, ертегілер, пьесалар. — Астана: “Балалар әдебиеті” баспасы. — 2004. 182 бет.

ISBN 9965-650-21-7

Танымал қаламгер Шәкен Күмісбайұлы он шакты кітаптың авторы. Озінің жаңа жинағына өр алуан тақырыпқа арналған повестерін, бірқатар әңгімелері мен пьесаларын қосып отыр. Мәселен, осы кітаптың атын иеленіп тұрган “Айдын көлдің аккулары” повесінде табиғатты корғау проблемасы көтерілсе, “Бектас, қос қазан мен мен” хикаясында тарихи тақырып қозғалады. “Балалық шағымның төтті теңізі” деген ғұмырнамалық туындысы окушыны жаппай құғын-сұргін жылдарының қат-қабат оқигалары ортасына бастайды. Әңгімелері мен пьесалары қазіргі ауыл мен қала балаларының өмірін бейнелейді. Кітаптың тілі тартымды, мазмұны терең.

K 4803250205-000  
480(05)-04

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-650-21-7

© Күмісбайұлы Ш., 2004  
© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2004

## АЙДЫН ҚӨЛДІҢ АҚҚУЛАРЫ

Біз көктемгі демалысқа шыққан күні әкем:

— Сәкен-ай, Жансұлтанға ілесіп, қорықшы атаңын үйіне барып қайт, — деді. Қуанышым қойныма сыймай кетті. Қуанатын жөнім бар. Жансұлтан — әкемнің қорықшы досының баласы. Біздің үйде тұрып оқиды. Оның аң-құстарға қатысты әңгімелері қызықты екен. Білмей жүріппіз. Бірде мұғалима “Табиғат таңғажайыптары туралы кім не айтады?” — дегенде Жансұлтан үшып түрегеліп, өзі асырап өсірген еліктің лағы туралы әңгімелеп шыққан. Аузымыздан суымыз құрып тыңда-дық. Бәріміздің сол кезде не ойлағанымызды білсөн. Жансұлтанға ұқсағымыз келді. Содан кейін-ақ ол әңгіме айтса, ойынды былай ысырып қоятын болдым. Енді, міне, сол қызықтарды өз көзіммен көрмекшімін. Жансұлтан да мәз.

— Қазір құстар келіп жатқан шығар. Аңдар да ашыға-тын кез. Жем үлестіреміз. Атамның дүrbісі бар. Алыстан да, жақыннан да бәрін байқаймыз, — деді ол.

— Шын ба? — деймін Жансұлтанның бүйрек бетті, домалақ жүзіне қарап. Ол басын изейді.

— Сұлтанжан, біздің ұлға қарағанда даланың ой-шүкірын жақсы білесің ғой. Кез-келген жерге аялдай

бермендер. Кейбір жәндіктің у жинайтын шағы. Шағып алар, — деп ескергіті әкем.

— Макұл, — деді Жансұлтан.

Күн арқан бойы көтерілгенде Жансұлтан екеуміз торбестіге мінгесіп, жолға шықтық.

Сағым көтерілген даала. Жыртық тоқымдай алапес-алапес қары бар белендер, біз жақындаған сайын алыстайтын сияқты. Ішкі сарайынды ашиқан Ебінің желі. Әлі ызғары бар. Маужырай түскен аттын күннің нұры тоң болып жатқан алып даланы ұйқысынан оятқан анасындаі. Көк те ендалаға енді-енді қаулап өсіп келеді. Жауқазын гүлдер қырат-қыратқа шоқ-шоқ болыш, топтала қалыпты.

Соқпақ жол ирелендей-ирелендей биік беленге көтерілген. Қышқашқа қарай бұрылғанда, төменнен қаруытқан тоғай көрінді.

— Енді бір шақырымдай жер қалды, — деді Жансұлтан.

Тоғай шетінде іліккенімізде құшақ жетпес үйенеке ағашқа қағылған тақтайшаны көзім шалды. “Жонғар” қорығы. Ұзындығы қырық гектар, көлдененең жиырма гектар аумақты алып жатыр. Мұнда 500-ге тарта құс пен аң өсіріледі”. Міне, керемет! Мен қорық дегенің сыммен қоршалған кішігірім орман шығар деп жүргенмін.

— Бұл хайуанаттар бағы емес қой, — деп күлді Жансұлтан.

— Ойлыр-ай, онда аң-құсты қалай қадағалап үлгересіндер, — деймін мен.

— Өз көзіңмен көресің әлі.

Сөлден соң қалың нұға келіп кірдік. Ағаш-ағаштың арасын сыналаған соқпақ жол алға бастады. Кесе көлденең тырбия қалған бұтақтар ат басын осып өткенде, Жансұлтанға жабысып, бетімді қорғалтаймын. Аяқ астында әлдебір аңды,

не ғажайып құсты көретіндей үңілемін. Бірақ меніреу тыныштық, мылқау орман. Ұшар басына қарасан, құлақшының түсетін биік теректер. Сәлден соң айналасы ат шаштырымдай алаңның ортасында түрған үй көрінді. Ертегідегідей-ақ, ғажап жерге орналасыпты.

Алдымыздан Жансұлтанның апасы шықты.

— Құлындарым, келдіндер ме? Жолдарына қарайлап, алаңдап жүр едік, — деп баласының да, менің де маңдайымыздан сүйді. Соңан кейін барып жөн сұрады. Сөз арасында көктем туғалы жұмыс басты болып, естері шығып жүргенін айтЫП өтті.

— Көкем қайда, апа? — деп сұрады Жансұлтан.

— Қорықты аралап кетті, — деді апасы шайды қамдауға кіріспі жатып.

— Ақмандай лақтады ма?

— Жақында лақтайды-ау.

Ақмандай Жансұлтанның қолға үйреткен лағы екен.

— Үйірге қосса да, қолға үйренгендіктен бе, үй маңынан ұзамайды, — деді Жансұлтан.

— Жақын төніректі аралап қайтпаймыз ба? — дедім мен шайдан соң.

— Қорықшыдан рұқсат керек, — деді Жансұлтан күліп.

— Қандай? — дедім таңданып.

— Сәкен-ау, казір андар мен құстар жем жейтін орынға келіп жүрсе, бізден үркеді ғой, — деді ол. — Сондықтан алдымен қай тұста қандай аңға дайындалған орын барын білу керек.

Жансұлтан соны айтЫП, сыртқа беттеді.

— Мынау корықты орағытқан соқпак. Айдынкөлге апарады. Ол осы арадан бір шақырымдай. Аққулар оралған жоқ па екен, байқалық, — деді ол үйден ұзаган соң.

Қалың құрак қөмкерген шөміш көл айнадай болып жалтырап жатыр. Өсем де ғажайып көрініс, қарасаң көз томайды. Сол сәт төбемізден бір қызғыш құс аймақты басына көтере сұнқылдалап өтті.

— Өз көлін басқадан қызғанады, — деді Жансұлтан оны көзімен ұзатып.

— Неге? Дүние жүзінде сан мың көл бар емес пе? Жансұлтан жалт қарады.

— Бұл олардың туған жері ғой.

— Ендеше, неге жылы жаққа кетіп қалады? — дедім қызыбаланып.

— Сеніңше, Бекетсайдың қақаған сұығына үсіп өлу керек пе, — деді ол. Қараторы жүзі қүренітіп кетіпті.

— Жарайды. Бірақ тап осы көлдің құстары екендігін қалай дәлелдейсің, — дедім енді былай бұлтарып.

— Осында алты акқу оралуға тиіс. Бірінің мойны қара ала. Ал көксерке келсе, міндетті түрде үйге соғады. Тек аман болсын де.

Екеуміз бәстестік. Бұдан соң әнгіме өрбімеді. Үйдің қарасы көрінгенде барып Жансұлтан:

— Көкем келген екен. Ақтанау байлаулы түр, — деді. Біз жүрісімізді шапшаңдаттық.

Жансұлтанның көкесі маңдайы кере қарыс, мұрынды, шоқша сақалы бар, зор кеуделі қара шал.

Бізді қуана қарсы алды. Екеуміздің де маңдайымыздан сүйді.

— Бәрекелді, балалар! Дәл уақытында келдіңдер. Ұзын сарыдан зорға шығып едік, жақсы болды ғой. Енді бәріміз атқа қонсак, біраз жұмыс тыңдырамыз, — деді ол.

— Ұзын сарысы несі! — дедім аң-таң болып.

Қара шал қарқылдай күлді. Күлген кезде күрек тістері айқын көрініп, мұрты селкілдей жөнеледі.

— Жуанның жінішкеріп, жінішкенің үзілер шағы емес пе, қазір. Қазекең оны бір сөзбен осылай атаған, — деді сосын құлкісін тыйып. — Жағдай қыын болып тұр. Мылтық ұстағандар көбейіп кетті. Жақындал барсан, қалыңға сіңіп кетеді. Әлгі Қантарбайдың түкке себі жоқ. Қабағынды шытсан, қалаға тайып отырады. Сол бетімен қайтып көрінесе жақсы-ау, ертеңіне-ақ “жаздым — жаңылдым” деп келіп тұрганы.

Екі-үш күн өте інір қаранғысында есік сыйыр етіп ашылды да, үйге еңгезердей біреу кірді.

— Ассалаумағалейкум. Оу, қонақтар келіп қалыпты ғой, — деп ол біздерді көрісімен қалбалактап, күректей алақанын ұсына берді.

— Бас қорықшының өзі ғой. Ал мына бала бізге келген уәкіл шығар. — Ол сойылған тұлкідегі ыржалақтап, малдасын құрып отыра кетті. Жансұлтанның апасы оған шай ұсынды. Алақандарын уқалап, кесеге қарап едім, ат жақты, жүзі сұық, мұрны қолағаштай қара жігіт екен. Қантарбай осы болса керек деп түйдім ішімнен.

— Шоқ мүйізді текені жарапап кетіпті, иттер, — деді ол әлден уақытта түйеден түскендей дүңк етіп.

— Нешеу екен? — деді Жансұлтанның атасы.

— Үш адам. Қашып кетті, — деді Қантарбай. — Үйректі де қырып салған.

— Вертолетке хабар беріп, бір-екеуін ұстап жазала-маса, бұларға әсте тыйым болмас, — деді қабағын түкситкен Жансұлтанның көкесі.

Шай ішіліп болған соң, Қантарбай орнынан тұрды.

— Ертенге үш атты да дайында. Мен Мергенсайды бақылап қайтамын. Сен Бектепберген жақты шол.

Жемді тенден аларсың. Ал, Жансұлтан, досың екеуің осы маңайды қарауылдандар, — деп қорықшы да орнынан тұрды.

— Құп болады, — деп Қаңтарбай қолын шекесіне апарды да, кілт бұрылды.

— Аяқ қолы балғадай, тепсе темір үзетін жігіттің қор болуын-ай, — деді Жансұлтанның көкесі басын шайқап.

Мен таңданым. Оны қарт байқады да:

— Ішкенге, жегенге, ат мінгеніне мәз. Жігіттің жұмысы емес қой бұл, — деді.

\*\*\*

Қорықтың ішімен келе жатқанбыз. Кенет гұрс етіп мылтық атылды. Шабдар ат шоқтығы дір етіп, қалт тоқтады. Сол-ақ екен:

— Шу, шу, — деп Жансұлтан атты ызалана тебінді.

— Мыналадың тал түсте басынғаны-ай.

Шабдар ат басын ішіне алып құйындата жөнелді. Қарттың: “Мылтық ұстагандардан сақ болғайсындар. Үрлігіңің үстінен шықсандар, жазым қылудан да тайынбайды ол иттер”, — деген сөзі есіме түсіп, жүрегім дүрсілдеп қоя берді. Жансұлтан болса, тас-түйін.

— Аттың тізгінін тартынқырайықшы, іші-бауырым солқылдаң кетті, — деймін жалынып.

— Шыда, — дейді ол. — Қазір жетеміз.

— Қекенің айтқанын ұмытпа. Аналар бізге де қастандық жасауы мүмкін ғой.

— Өй, қорқақ, — дейді ол кіжініп.

— Біз құр қолмыз ғой.

— Ештеңе етпейді.

Енді шөбі қалың жер іздедім. Ойым — қолайлырак тұс кездессе, аттан ұшып тұсу. Бірақ үлгермедім. Анандай бетте қос қарағайдың тасасында қамыспен бүркелген мотоциклдің қарасын көріп қалдым. Дереу Жансұлтанға сыйыр етіп:

— Мотоцикл, — дедім.

— Кәне?

— Әне, сол жақ беттегі шоқ қамысты қара.

— Не істейміз? Жанына барамыз ба?

— Мен тұсіп қаламын, — дедім мен тартыншақтап.

— Түү, қорқақ. Олар қазір аңның қызығымен көл жағалап кетті. Номерін байқайық, — деді ол жанжагына жалт-жұлт қарап.

— Атты қалдырып, жаяу барайық та.

— Түү, сен де. Ал, тұс енді.

Қалың нұға ендік. Демімізді ішімізге тартып, тың тыңдаймыз. Қамыс қана сыйбырлайды.

— Мен кеттім. Сен осылай тұр, — деді Жансұлтан маған.

— Корықпайсың ба?

— Е, жок, — дедім батылсынып. Бірақ дәл осы сәт құлағыма дейін қызарған шығармын, дуылдан кетті. — Байқа!

Жансұлтан мотоциклді тұспалдалап, қамыс ішіне еніп кете барды. Аттың тізгінін ұстап, мен қалдым. Арамыз елу қадамдай жер. Жүрегім дүрсілдеп тұр. Иесіз үйдегі сағаттай-ак. Кенет оң жақ сыйбыр етті. Керқасқа құлағын қайшылай, жерден басын көтерген. Жалт қарадым да, еріксіз ашуландым. Қамыс ішінен далбақтай көтерілген қос қырғауыл. Шамасы бірденеден үріккен съякты. Мүмкін жақын жерде мотоциклдің иессі жүрген

шыгар. Ойда-жоқта аяқ астынан шыға келіп, мылтығын кезеніп тұра қалса қайтем? Тұра қашамын ба? Жоқ, біз екеу емеспіз бе? Ал адам болмай, жабайы шошқа кездессе ше? Жансұлтанның көкесі айтқандай айқыш-үйқыш тісімен бір іліп өтсе, саудаң бітті. Бірақ онай құтылудың да жолы бар емес пе? Адамға шабуыл жасаған қабан жан-жағына бұрылмайды. Тұп-тура алған бетпен оқша атылып өтеді. Түү, қай-қайдарыны ойлағаным не?

— Көреген, — деді осы сәт ту сыртымнан шыға келген Жансұлтан. — Көзің көз емес, моншақ. — Кәдімгідей қабағын тұкситіп, ашулы тұр.

— Е, не болып қалды?

— Жұр, көрсетейін, — деді ол алға түсіп. О, ғажап! Жансұлтанның ашуланатын жөні бар еken. Мотоцикл дегенім ат тырманың қаңқасы мен дөңгелегі болып шықты. Мырс етіп күліп жібердім.

Мылтық атылған маңайға жеттік. Ешкім жок.

— Екеуміз ырғалып-жырғалып жүргенде, қарасын батырыпты ғой, — деп ол жан-жағын шолды. Мен де он-солыма қараған болдым. Бірақ еліктерге азық салатын науалар, тиіндердің әр түстағы үясы, құстарға жем шашатын орындар, құс үйшіктепі ғана көзіме шалынды.

— Осыншама анды күтіп, қорғаудың керегі не? — дедім мен енді. Жансұлтан мені жаңа көргендей, бетіме бағжиды да қалды.

— Мына кең даала, ана тау, мына орман, өзен, мұхитты жағрафиядан несіне оқытады? Осыған жауап берші? — деді ол сосын.

— Білу үшін дағы.

— А, солай ма? Білу үшін де қорық қорғауға алынған. Эйтпесе, онай олжага құныққандар ағаштарды кесіп,

аң-құсты атып, табиғаттың сәнін кетірер еді. Сонда бізге нені оқытады?

Жансұлтанның әр сөзі қорғасындаидай.

— Түсіндім, түсіндім, — дедім ол қызбалана бастаған соң.

— Түсінсөн, сол, — деді Жансұлтан масаттанып.

\*\*\*

— Қаракөзді көргің келе ме? — деді Жансұлтан ертенгісін үйқыдан тұрып жатқанымда.

Мен басымды изедім.

— Онда, кеттік!

Апыл-ғұптың киініп, ағаш-ағаштың арасымен жүгіре жөнелдік. Алдыдан шағын алаң қөрінгенде, ол:

— Тоқта, — деді. — Сен осында қал.

Сөйтті де әрі қарай жүгірді. Байқап қарасам, кешегі жем төккен жер. Айнала тым-тырыс. Таңғы шық шөп басына тұнып қалыпты. Анда-сандаған орман үстасы — тоқылдақ маңайды дүрліктіре ұзак тоқылдатып өтеді. Сол кезде алаңқайдың ортасындағы жем салған науаға қонақтаған қарғалар мен сауықсандар да қарқылдасып, шықылықтасып шыр-пыр болады.

Жыпирлай өскен қалың шілікті тасалап, солай телміріп тұрғанымда оң жақ беттегі ағаштың арасынан мүйізі арша-арша ғажап мақұлық шыға келді. Кәдімгі елік. Науаға жақындей бере кідірді де, тұмсығын көтеріп, әлсіз маңырады. Сол-ақ екен екіншісі көрінді. Соңан соң үшінші, төртінші... Кенет жер астынан шыққандай дәл жанымнан Жансұлтанның:

— Қаракөз, — деген даусы естілді.

Ілгері аттаған елік қалт тоқтады. Сонындағылар ытып нұға кірді.

— Қаракөз, келе ғой. Мен Жансұлтанмын.

Ол қалпағын жемсауытқа ұқсатып үстап, елікке қарай жүрді. Кенет мүйізді елік басын бұра берді. Кетті деп ойладым.

— Қаракөз, танымай қалдың ба? Кел, — Жансұлтан енді еркелете шақырды.

Жоқ, Қаракөз кетпеді. Қайта бір аттап алға жылжыды. Соナン соң тұмсығын жемге созды. Аң екеш аң да өзіне қамқоршы болған жанды ұмытпайды екен. Жүгіріп жандарына барғым келді. Бірақ Қаракөз үріксе, Жансұлтан ренжіп жүрер деп ойладым. Бір сәт ол Қаракөздің мойынан құшақтады. Әукесін қасыды. Жансұлтанның жалған айтпайтынына көзім жетті. Досыма үқсағым келді. Қызықты қара. Әлгінде тауга үркіп, қалыңға жылыстаған Қаракөздің үйірі үздік-создық тұра қалыпты. Қаракөз Жансұлтанның соңынан едөуір жерге дейін ерді. Бірін-бірі қимайтын сияқты. Жансұлтан бір-екі аттап, қайта бұрылды. Қаракөз жақыннады. Жансұлтан оны жетектеген күйі науаға апарды.

— Айтпадым ба саған. Қаракөз бірден таниды деп. Екеуміз көріспегелі күзгі каникулдан бері бес ай болыпты. Фажап. Қалай өзгерген. Мүйіздерін қарашы, — дейді ол қарақат көздері қуаныштан жарқ-жүрқ етіп...

\*\*\*

Үш-төрт күн өткен соң, күтпеген оқиға болды. Ертегісін бір үйдегі төрт қорықшы (өзімді қосып отырмын) төрт жаққа аттандық. Әрқайсымыздың белгілі

тапсырмамыз бар. Қорықшы ата маған компасын ұсынып: “Осыдан он шақты шақырым анау беткейдегі қайың алабын бақылап кел. Ағаштарды ешкім кесеп пе екен”, — деген. Бұл мениң алғаш рет жалғыз жүруім.

— Әй, Сәкен, қорықтың жыртқыштары саған тиісе қоймас. Қорықпай арала! — деді езу тартып. — Қам-қоршылар барда оң-солымды түгендеп алайын.

Қаңтарбай жақын маңға, жем шашуға қалды. Жан-сұлтан Айдынкөл, Мергенсай жаққа аттанды. Көкесі Рексті ертіп қорықтың шекарасына жол тартты.

Қалың нудың ішінде келе жатқанда аспанға қарасан, бір ғажап дүниеде жүрген сияқтысың. Аққу бұлттар зоулім теректердің басына қонақтап қалғандай. Сонау күзде жерге түспей қалған сарғыш жапырактар қалтырай ұшады. Ал сәл жел соқса, олар сауылдай төгіліп, құллі орман теңселіп, сазды өуен басталады. Ал тымық кезінде дауыстап көр. Сан тұстан жаңғырған дауыс ағаш атаулыны көкке көтеріп әкетердей сілкінтелі. Сәлден соң өзіңнің даусынан өзің қорқасын.

Бір сағат өте беткейдегі қайың алабына жеттім. Ала-бажақ киіп алған өңшең биші қыздарды көргендерің бар ма? Құдды сол сияқты. Жасауын табиғаттың өзі жасағандай, қайыңдар тогай өуеніне билеп жүргендей. Бұл жерден Жонғардың найза шындары ап-анық көрінеді. Бастарына шошақ дулыға киген алып батырлар дәл осы бір алапқа көзін тігіп, тамашалап қалғандай. Ал аяқ астында қозы түбіт көк масаты кілемдей құлпырады. Жата қалып аунағым келеді. Аумағы ат шаптырым қайыңды алапты шолып шығып, нуга қайта кірдім. Арапамаған жерім аз шығар. Бұтакқа өрмелеген тиіндер адам қарасын көрсө-ақ ініне тығылады. Ойыма “Біз

табиғаттың қамқоршысымыз” деген Жансұлтанның сөзі оралып: “Несіне қорқасындар. Мен сендердің до-сынын”, — деп күбірлеймін. Олар болса, мені ұзатып салып, өз қаракетіне кіріседі.

Үйге келгесін, Қантарбай екеуміздің аттарды жайғас-тырып, дайын тұрған шайды ішуге бет қойғанымыз сол еді, қара суықты ілеңтіре Жансұлтанның көкесі кіріп келді.

— Ау, Жансұлтан қайда?

— Әлі оралған жоқ, — деді Қантарбай.

— Негыл кешікті екен?

— Ойын баласы ғой, — деді Жансұлтанның апасы.

— Құн батып қалды емес пе? — деді қарт елендеп.

— Ештеңе етпес. Ер жеткен жігіт адаса ма? — деді қартты жұбата, өзеурей күлген Қантарбай.

Әп-сәтте орманның ерте бататын күні көкжиекке сіңіп, қас қарада бастады. Керегеге сүйеніп, мызғып кеткен қарт, кенет селк етіп басын көтерді де:

— Мүмкін емес, — деп орнынан атып тұрды.

— Жәкенім бір пәлеге ұрынды-ау.

— Жаман ырым бастағаныңыз не? — деді Қантарбай.

— Жаман айтпай жақсы жоқ, атқа мініндер, — деді қарт шошынған үнмен.

— Апыр-ай, аман болғай да, — деп Жансұлтанның апасы көзіне жас алды.

— Әй, кемпір, тоқтат! — деп қарт оны тыбып тастады.

Тұн. Орман іші көзге тұртсе көргісіз. Айдынкөлге бет түゼп келеміз. Алда Қантарбай. Қалың тұнді дүрлік-тіре зор даусымен:

— Жансұлтан! — деп айқай салады. Сонан соң ат тізгінін тартып, тың тындаиды. Айнала төнірек жаңғырып барып, қайтадан тыныштық күйіне енеді.

— Екеуінді бірге жібермеген екенмін, — дейді қарт мазасызданып. — Алжастырған құдай-ай!

Айдынкөлді бір айналып шықтық. Жансұлтан үштыкүйлі жоқ.

— Қарғам-ай! Балалық жасап, көлге түсіп кетті ме? — дейді қарт.

— Жәкен ондай емес. Оң-солын білетін бала, — дейді Қантарбай.

— Эй, пәтшагар. Сол бала басқа жолмен үйге тартып кетіп жүрмесін.

— Ол да мүмкін, — деймін. Үмітсіз шайтан.

— Саған жөнін айтпап па еді?

— Жоқ, — дедім. — Осы айдың ішінде алты аққу жылы жақтан оралады деп жүрген.

— Құлыным-ай, соларға ұя қамдап жүр ме екен! Бірақ ондай болған күнде де, сонша кешікпейді ғой, — деді қарт.

Түннің біраз уақыты өткен. Үйге қайтып келеміз. Бәрімізде де үн жоқ. Кенет қаракер құлағын қайышлай, бір жағына жалт берді. Аттан ұшып түсе жаздадым.

— Не, болды-ей, — деді артта келе жатқан Қантарбай.

— Үріккен шығар, — деді онымен қатарласа берген қарт. Сонын екеуі тебініп алға шығып еді, олардың аттары да оқыранып, қалт тоқтады. Қантарбай иығындағы мылтығын жұлып алды да, қарғып жерге түсті. Аттың тізгінін маған ұстата салып, фонарын жаға алға беттеді. Қарт та қорбандал сонынан ерді. Жабайы аң шығар дедім ішімнен. Сөйткенише Қантарбай:

— Сәкен, бері жүр, — деп гүж ете қалды. Қос атты жетекке алып, қаракерді тебініп қалдым.

Сүмдықты қара! Жансұлтан құшақ жетпес қарагайға таңылулы түр. Қаңтарбай оның сұлқ түскен басын көтеріп, фонар жарығын бетіне түсіргенде, тіптен шошыдым. Беті, самайы қан. Мандаиды ісік.

Қаңтарбай төрт тағандап отыра кетті де, құлақшынын алып, Жансұлтанның қеудесіне құлағын тосты. Сөйтті де:

— Ақсақал, балаң тірі. Жүрегі “К-700-дің” моторындаи соғып түр, — деп оны бүйім құрлы көрмей көтепіріп, орнынаң түрегелді. Сол кезде Жансұлтан: “Қаракөз”, — деп күбір етті де, әрі қарай түсініксіз сөздер айтып, сандырактап кетті.

\*\*\*

Біразға дейін кірпік қақпадым. Көз алдыма Жансұлтанның бейнесі елестей берді. Аяқ-қолын сым қызып тастапты. Терісінің сыдырылған жерлері де бар. Костюмінің қос қолтығы жыртылған. Құлақшыны жолдағы бір бұтаның басына ілініпті. Қандай жауыздың ісі екен бұл? Жалғыз ғана айғақ — резенке етіктің ізі. Үлкендігіне қараганда Қаңтарбайдай зор біреу.

Түннің бір уағында жедел жордем машинасы келді. Қызық мұртты, қарасүр дәрігер жігіт Жансұлтанды әбден қарап болды да:

— Сынықтан аман. Еті ауырган. Қос өкпесіне сұық тиілті. Бірақ қария, уайымдамаңыз, он-он бес қунде балаңыз құлан таза жазылып кетеді, — деді құлімсіреп.

— Айтқаның келсін, балам, — деді қарт көнілі жайланип.

— Істығын қайтаратын укол салдық. Өзіңіз де бірге жүрініз.

— Аузыңа май, астыңа тай, — деді қуанған қарт. — Менің жаным осымен бірге емес пе. Қазір киінейін.

Үйықтап кеткен екенмін, таңға жақын әлдекім оятып жіберді. Қантарбай.

— Әй, уәкіл бала. Әрі сырғы, — деді. — Жансұлтан сіздің үйде жатып оқиды екен ғой.

— Иә.

— Онда сен де сол сияқты өжет шығарсың?

— Қайдам? — деп иығымды қиқаң еткіздім, әңгіменің бағытын өзгерктім келіп. Қантарбайға қарсы сауал қойдым.

— Аға, осы сіз қалаға барып неге жұмыс істемейсіз?

— Жанды жеріме тидің, бала, — деді ол күрсініп. — Бірақ бұл бірінші рет естіген сөзім емес. Қайратты екенім рас. “Жұқ ауырын нар көтерер” дегендей, қара жұмысқа кетіп-ақ қалғым келеді. Не сиқыры барын кім білсін, осы жерге ертеңіне-ақ қайтып ораламын. Сөйтсем, қорыққа бауыр басып қалыппын. Оның үстіне мына қарт та әкемдей болып кетті. Жансұлтан да сондай ыстық. Ол бір ғажап бала. Көкесіне үқсағанмен, ондай тыз етпе емес, үстамды. Ал анау апа дегенің кең қолтық. Аузынан “қарағым”, “шырағымнан” басқа сөз шықпайды.

“Қантарбай осындай екен ғой” деп таңғалдым ішімнен. Оны тындалап жатып көзім ілініп кетіпті.

\*\*\*

Жансұлтанның көкесі тал түсте оралды. Қабағы ашық. Мұртынан күледі.

— Балам есін жиды, — дейді.

Қантарбай екеуміз оның аттан тұсуіне мұрша бермей, бірден сұрақтың астына алдық. Ол кісі болған оқиғаны айтып берді.

Сәскеде үйге қайтқан Жансұлтан Қаракөзді сыртынан бір байқамақ болып, жол-жөнекей жем төккен алапқа бұрылады. Байқаса әлденеден шошып еліктер жүр. Бірақ басқа еліктер жосып жүр. Сөйткенше қарсы беттен мылтығын шошаңдатқан бейтаныс біреуді байқайды. Жансұлтан жан ұшыра дауыстап қарсы жүгіреді. Алғашқыда бейтаныс тұра қашпаққа бет алады да, жайратқан елігін қимаса керек, тоқтай қалады. “Жақын-дама! Атамын!” — дейді дауыстап. Жансұлтан тоқтамайды. Бейтаныс баланың үстінен асыра атып-атып жібереді. Шамасы қосауыз болса керек. Жансұлтан онысынан корықпайды. Барған бетте мылтыққа жармаса кетеді. Тіпті бейтаныстың қолын қыршып алады. Сонда “аңшы” мылтығының дүмімен Жансұлтанның шекесінен бір қойып құлатады. Содан кейінгісі есінде жок. Тұннің бір уағында біз жеткен екенбіз.

— Әлгі қарақшының түрі біреуге үқсайды дейді. Мынаны саған бер деген, — деп қарт бір жапырақ қағазды қолыма ұстата берді. Онда былай жазылыпты:

“Жас натуралист” №12. Профессор Альтман. Оң жақ бетінде тыртығы бар”.

Сөрелерді апай-топай актырып жүріп, шағын кітапшаны тауып алып, параптай бастадым. Қарт пен Қантарбай аң-таң.

— Мынау не істеп жүр, ей?! — деді Қантарбай гүжіл-деп. Кенет көзіме Жансұлтан айтқан Альтманның суреті түсе кетті. Ентөлей басып Қантарбайға жеттім.

— Мына кісіге үқсаған адам Жансұлтанды қинаған қарақшы, — дедім.

Қаңтарбай қолымнан кітапшаны жұлып алды. Қарт екеуі таласа-тармаса суретке қарады.

— Ехе, — деді кенет Қаңтарбай. — Мынау біздің ауылдағы шошқа фермасында істейтін Аксенаның түрмеден келген бауыры. Ұмытпасам аты Гриша.

— Оң жақ бетінде тыртығы бар ма? — дедім мен жалма-жан.

— Иә, дәп айтып тұрсын.

— Онда жауыз — сол. Милицияға хабарлау керек.

— Атқа мін, Қаңтарбай, — деді Жансұлтанның атасы.

\*\*\*

— Айналайын, Сәкенжан. Жансұлтанымды жоктат-падың. Әкен қайтсын деп жатыр. Оқу да басталмақ екен. Жалғыз жүріп жайың болмады білем. Әлі Жансұлтан екеуің келесіндер ғой. Түстен кейін жем өкелген машинамен қайтасың, — деген ертеңгісін Жансұлтанның атасы.

Айдынкөлді тағы бір көргім келді. Кербестіге ер салып жорғалата жүріп кеттім.

Жел өтіне тербелген Айдынкөл аласұрып жатыр. Толқыны жағаны шайып, ілгері-кейінді лықсиды. Айдын төсінде шағалалар шанқылдайды. Туған көліне оралып, қуаныштан той жасап жатқандай. Кенет дәл тәбемнен құс қанатының суылы естілді. Алты акқу. Назды да сәнді өүенімен, қанатын қалықтата көлге қонды. Қозімді көлегейлей ұзак қарадым. Сол Жансұлтан айтқан аққулар. Алғашқыда бұлар екеу ғана екен. Жылдар оте

қатары өсіпті. Туған жер аңға да, құска да, адамға да ыстық. Мен де осы қорықта туыппын. Өйткені әу баста әкем қорықшы болған ғой... Содан болар, осы жерді көргім келеді де тұрады. Бірақ, осы сезімді оятқан Жансұлтан емес пе? Демек тылсым табиғаттың сырын ұғу үшін “Мен де досымдай болуым керек екен” деген шешімге келдім. Алты аққұта қызыға қарадым. Әттең, жанымда Жансұлтан болса ғой! Қуанар еді-ау. Кербестіні кері бүрдым. Жансұлтанның атасынан сүйінші сұрайын.

## БЕКТАС, ҚОС ҚАЗАН ЖӘНЕ МЕН

Үшінші сабактың соңынан Бектас екеуміз мектеп бағының ішіне кірдік. Қоңыр күздің кешеу шағы. Сартайған жапырақтардан аяқ алып жүру қыын, кешіп келе міз. Ауыл балалары сугарып, мәпелеген жеміс ағаштары бойындағы маржандарын төгіп салыпты.

- Құпия, — деді Бектас. Жүзіне ақтарыла қараппын.
- Сен менің ең жақын қимас досымсың. Солай емес пе? — Басымды изедім.
- Ешкімге, тіпті үй-ішіңе, анаңа, атаңа тісіңнен шыгармайсың, иә?
- Макұл.
- Бұл адам естіп, көріп білмеген құпия...
- Айтсаншы енді үзілдірмей.
- Әкел, қолыңды. Егер бұл сырды біреуге айтып койсам, қара тасқа айналайын де. — Мен Бектастың созін қайталадым.
- Міне, енді дұрыс. Кеше мен мектепке сабакқа келмедім. Оны өзін де білесін, — деді Бектас жан-жағына үрлана қарап. Досымның қарашығы үлкен көздері

ойнақшып, танауы пысылдап, домалақ жүзі бұлкілдеп жөнелсін.

— Қойдың кезегін бақтым. Анау Қөксайды білесің ғой, ә. Жарқабақты жағы. Бектастың дауысы үрей әкеле сыбырлай шыкты. Әр сөйлемін макұлдата сөйлейтін әдеті. Ба, бе, ма, ме, па, пе жүрнақтарының аузын ашпайды-ау, жазған құл.

— “Өзім де бір пәлеге жуықпын, сорлы күні туып-пын” деп апам айтпақшы, мына құздің өзінде аспан айналып жерге түскендей күн шығып кетті ғой. Апарған сусыным таусылып, Қаракөзден қайта-қайта су іштім емес пе!

Ал, бұл Бектастың әңгімесіне құлақ салмай көр. Жеті өлшеп, бір кескен істердей, жетер көмбесінде шайқайнатымда зорға жетсе қуана бер. Балалар да сөз тапқыш қой. Әйтпесе, Бектасты “Апамның баласы” деп текten текке атай ма?

Бектас діттеген жерге енді ғана жақындал келе жатты.

— Иә, сонымен, — деймін шыдай алмай.

— Қоңырау соғылып кетер.

— Үлкен үзіліс қой. Ештеңе етпес. Солай емес пе. Сақтап қойған сары майың сасып бара ма? (Бұл әрине апасынан жаттап алғаны)

Бектас бей-жай. Дегенімен айтатыны аса бір құпия сыр шығар. Әліптің артын баққан жөн.

— Иә, сонымен көлеңкемді өлшесем үш табан. Яғни, тал тұс. Газеттен жасаған қалпағымның қауқары шамалы. Әрі-бері жүгіріп сая іздел, ақыры жапырагы жайқала өскен анау, өзің білесің, жалғыз ағаштың түбіне қойды айдал жеттім емес пе. Қаракөздің жағасы. Қойды суға ііріп таstadtым. Е, әлгі жалғыз ағашты менің апам жас

күнімде, қыз кезімде өсіп тұрушы еді дейтін. Жағалықты су орып тамырлары білеуленіп көрініп жатыр. Алдымен ағаштың басына шүқшиып, әлгі жылан деген пәле бар емес пе, туһ атын атап ем денем дір ете тұсті ғой, жан-жағымды қозіммен тінтіп, қоңілім орнына тұскен соң, қонетөз купайкемді жайып, жантая кетейін. Кірпігім айқасар емес. Қойлар бір-біріне басын тығып, ұйлығып өткелде жатыр. Енді айдал жүргу қиямет қайым. Күн төбеден ауып, қыырға еңкейгенше жағаң жайлауда. Мызығып алсам деймін. Тек әлгі ирелендеген пәле мойның оралып, улы тісін батырып алса, жүрегің жарылып, бері салса мүгедек атануың әбден мүмкін. “Қайран, Ақтасты, хош, мен ана дүниеге сапар шектім” демесен.

Қонырау шылдырлады. Ширығып алған Бектас місе тұтар емес.

— Әу, апамның баласы, жалғасын үйге қайтарда естіік, — дедім ренішімді білдіріп, досымды “тәртіпке шақырып”.

— Мен кеттім.

— Дос деп жүрсем, сен де мені мазақтадың ба, — деді Бектас аузын бұртитып теріс айналды. Енді өзімді арашалауға кірісейін.

— Бектас-ау, өзің ғой, сағыздай созып. Оның үстіне қазір Аманғалиевтің сабағы. Жарты сағат бұрышта қақимасыңа кім кепіл, — деймін.

— Мейлі. Біздің құпиямыз үшін жуз сағат мелшиюде түк емес. Солай ә, иә, солай. “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жок”. Сонымен көк аспанға қозімді тігіп шалқамнан түсіп жатайын. Кірпігім айқасып кетіпті. Селк етіл оянып, жан-жағыма көз салдым. Жауырының асты әлдекім түйіп қалғандай сыздап ауырып барады.